

«Ғ.Мүсірепов атындағы орта мектебі» КММ-ның жанынан құрылған

Қамқоршылық кеңес отырысының

№1 ХАТТАМАСЫ

Өткен күні: 25.08.2022 ж

Өткен орыны: Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, Байтоғас ауылы, «Ғ.Мүсірепов атындағы орта мектебі» КММ

Қатысқаны: 9

Қатыспағаны: 0

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің 2022-2023 жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту.
2. Жалпыға міндетті оқуға қамту қорының есебінен көмек беруді сұрап, өтініш берген отбасы балаларының әлеуметтік жағдайын анықтау.
3. 2022-2023 оқу жылында «Мектепке жол акциясына» қатысып, аз қамтылған отбасы балаларына көмек жұмыстарын ұйымдастыру.

Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңес төрағасы М.С.Тастанбеков: Қамқоршылық кеңестің мүшелерінің құрамымен және 2022-2023 жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспардың мазмұнымен таныстырып өтті. Сонымен қатар жалпыға міндетті оқуға қамту қорының есебінен көмек беруді сұрап, өтініш берген отбасы балаларының әлеуметтік жағдайын анықтауда атқарылған жұмыстардың барысына тоқталып өтті. Алдағы уақытта 2022-2023 оқу жылында өткізіліп жатқан «Мектепке жол» акциясына қатысып, аз қамтылған отбасы балаларына көмек беру жұмыстарын ұйымдастырда белсенді жұмыс жауды тапсырды.

Жарыс сөздер:

Алекеева Бақыт:

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша өте жақсы түсіндіріп өтті. Мен өзім көпбалалы ана, күміс алқа иегерімін. Жалпы мектеппен тығыз байланыста болып жүрмін. Мұқтаж отабасыларға көмектесу өте дұрыс шешім деп санаймын. Айтылған жұмыстарға белсенді түрде қатысып, мектеппен тығыз байланыста болайық.

А.Рахимова :

Жаңа оқу жылына жоспарланған жұмыс жоспардың мазмұны өте жақсы әзірленіп, тақырыптар жақсы қамтылған. Балалардың болашағы үшін бірігіп жұмыс атқару өте тиімді әрекет деп санаймын. «Мектепке жол» акциясы бойынша мұқтаж отбасыларға жыл көлемінде жұмыстар жүргізуде белсенділік танытамыз.

Шешім:

1. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің 2022-2023 жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекітуге ұсынылсын.
2. 2022-2023 оқу жылында «Мектепке жол акциясына» қатысып, аз қамтылған отбасы балаларына көмек жұмыстарын ұйымдастыру қамқоршылық кеңесінің мүшесі Садыханова Индираға тапсырылсын.

Шешімге қарсы, қалыс қалғандар жоқ. Осы шешім бірауыздан мақұлданды.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

 М.Тастанбеков

Хатшысы:

 Г. Ергалиева

Кеңес мүшелері:

 Т.Токтагулов

 Е.Абжекенов

 Б.Алекеева

 И.Садыханова

 А.Рахимова

 Г.Токтагулова

 С.Омаров

 Н.Тусупханова